

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Денсаулық сақтау саласындағы жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Мемлекеттік аудит объектілерінің қызметіне тиімділік аудиті, активтерді басқару тиімділігі, қаржыны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылуы.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 1 қаңтарынан – 2022 жылғы 30 маусым аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының құрылтайшысы – Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, мемлекеттік басқару органы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Кәсіпорын Жарғысы облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2011 жылғы 28 ақпандағы №205 бұйрығымен бекітілген (2011 жылғы 4 шілдедегі №758 бұйрығымен, 2011 жылғы 15 шілдедегі №809 бұйрығымен, 2013 жылғы 27 тамыздағы №1152 бұйрығымен, 2013 жылғы 29 қарашадағы №1658 бұйрығымен, 2014 жылғы 31 наурыздағы №393 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 2011 жылғы 2 наурыздағы куәлік.

Бекітілген Жарғысы сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне кірмейтін келесі ақылы медициналық қызметтер көрсетіледі:

- емделушілердің ата-анасының қалауы бойынша аурухананың барлық бөлімшелерінде стационарлық көмек түрлерін көрсету: неврологиялық, хирургиялық, кардиологиялық және ревматологиялық, аллергологиялық, гастроэнтерологиялық, эндокринологиялық, нефрологиялық, травматологиялық және ортопедиялық, оториноларингологиялық, пульмонологиялық, урологиялық, эндоскопиялық, физиотерапиялық, емдік дене шынықтыру, уқалау, фитотерапия, инемен тітіркендіріп емдеу, Су-Джок терапиясы;
- емделушілердің ата-анасының қалауы бойынша амбулаторлық-емханалық жағдайларда мына бағыттар бойынша кеңестік және емдік-диагностикалық көмек көрсету: хирургия, травматология және ортопедия, оториноларингология, кардиоревматология, эндокринология, невропатология, нефрология, урология, гастроэнтерология, пульмонология, физиотерапия, фитотерапия, аллергология, емдік дене шынықтыру, инемен тітіркендіріп емдеу, Су-Джок терапиясы, уқалау;

- хирургиялық, эндокринологиялық, неврологиялық, гастроэнтерологиялық, пульмонологиялық, кардиоревматологиялық, нефрологиялық, аллергологиялық, травматологиялық, ортопедиялық, урологиялық науқас балалар үшін күндізгі стационарлық емдеуді ұйымдастыру және емделушілердің ата-анасының қалауы бойынша физиотерапия, фототерапия, инемен тітіркендіріп емдеу, уқалау, емдік шаралар мен манипуляциялар жүргізу;
- емделушілердің ата-анасының және барлық жастағы емделушілердің қалауы бойынша стационар және емхана жағдайында материалдарды жинақтап, клиникалық-диагностикалық зерттеулер жүргізу: асқазанды зондпен зерттеу, ұлтабарды зондпен зерттеу, қанды және несепті клиникалық, биохимиялық зерттеуден өткізу, рентгенологиялық зерттеулер, функционалдық сынауларға қарама-қарсы рентгенологиялық зерттеулер (соның ішінде жүктемемен), эндоскопиялық, бактериологиялық, серологиялық, иммуноферментті зерттеулер жүргізу;
- науқастарды зерттеулерге стационарлық және амбулаторлық жағдайларда дайындау, өзге емханалар мен шипажайларға жіберу үшін тексеру;
- емделушілердің ата-анасының және барлық жастағы емделушілердің қалауы бойынша бөлімшелерде амбулаторлық жағдайда физиемдеу, уқалау, күре тамырға және бұлшық етке дәрі жіберу, түрлі ауру жағдайларында дәрі құю;
- анестезиологиялық шаралар жүргізу (ақылы наркоз);
- операциядан кейінгі тексеру және емдеу;
- медициналық қызмет көрсетуге байланысты сервистік қызметтер (қосымша тамақтандыру мен қосымша тұрмыстық қызметті ұйымдастыру, ақылы қызметтерді ұсыну).

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының құрылтайшысы – Батыс Қазақстан облысы әкімдігі, мемлекеттік басқару органы «Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Кәсіпорын Жарғысы облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2011 жылғы 24 мамырдағы №573 бұйрығымен бекітілген (2016 жылғы 29 маусымдағы №106 н/қ бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 2011 жылғы 15 маусымдағы куәлік.

Бекітілген Жарғысы сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне кірмейтін келесі ақылы медициналық қызметтер көрсетіледі: дәстүрлі емес медициналық көмек: (рефлекссті терапия, мануалды терапия, су-джок терапиясы, гомеопатия, фитотерапия, гирудотерапия). Дәстүрлі терапия: (мануалды терапия, емдік дене шынықтыру, массаж, рефлекссті терапия, лазеротерапия). Медициналық көмек көрсетуге байланысты сервистік қызметтер (қосымша тамақтандыру мен қосымша тұрмыстық қызметті ұйымдастыру, көлік қызметтерін ұсыну).

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 2 аудит объектілерімен 171 519,4 мың теңгеге бюджеттік және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмағандығы анықталды, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 171 519,4

мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 10 және кемшіліктер саны 4 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 27 224,2 мың теңгесі өтелуге, ал 144 295,2 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Аудит барысында 117,4 мың теңгесі өтелді, 144 295,2 мың теңгесі қалпына келтірілді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК.

Аудит нәтижесінде 154 017,6 мың теңгеге бюджеттік және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмағандығы анықталды, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 154 017,6 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 6 және кемшіліктер саны 2 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 15 333,0 мың теңгесі өтелуге, ал 138 684,6 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Аудит барысында 83,7 мың теңгесі өтелді, 138 684,6 мың теңгесі қалпына келтірілді.

1-тармақ. Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға арналған бекітілген (нақтыланған) Даму жоспарында және даму жоспарының жылдық орындалу есептерінде түпкілікті нәтиже көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында қол жеткізілу көрсеткіші (сандық мәні) немесе ұйымның алдына қойған мақсаттар мен міндеттерді шешуден болған әсері көзделмегені анықталды, яғни Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну Қағидасының 4 қосымшасымен бекітілген «Қызметтің негізгі бағыттары Мақсаттары, міндеттері мен түйінді көрсеткіштері» нысанына сәйкес келмейді, бұл өз кезегінде осы Қағиданың 11 және 38 тармақтарының сақталмағандығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығымен Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысы бекітілген. Алайда, Кәсіпорынның қолданыстағы Жарғысының мазмұны бекітілген үлгі жарғысына сәйкес келмейді (мысалы: «Кәсіпорынның жарғылық капиталы», «Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі», «Кәсіпорынның жауапкершілігі» және т.б. тараулары).

2-тармақ. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысының талаптары сақталмай, Кәсіпорын Жарғысы бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес келмейді, бұл ретте ол кәсіпорын қызметінің кемшілігі болып табылады.

Аудит кезеңінде Байқау кеңесі өз қызметін Ережесінде көзделген өздерінің өкілеттіліктерін атқарған. Алайда, тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар

енгізу жөніндегі өкілеттілігі іске асырылмаған («Кәсіпорынның жарғылық капиталы», «Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі», «Кәсіпорынның жауапкершілігі» және т.б тарауларға қатысты).

3-тармақ. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңы 149 бабының 8) тармақшасы, сондай-ақ байқау кеңесі Ережесінің VII тарауының 8) тармақшасы сақталмай, Кәсіпорынның Байқау кеңесі кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізбеген, бұл ретте ол кәсіпорын қызметінің кемшілігі болып табылады.

4-тармақ. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 89 бабы 1 тармағының 1) тармақшасы, 105 бабының 1,3 тармақтары бұзыла отырып, Кәсіпорынның әкімшілік-басқару персоналының 14 қызметкеріне (*бас есепші, бас экономист, экономист, есепші, медициналық жабдықтар және метрология инженері, кадр бөлімінің басшысы мен инспекторы, әскери есеп инспекторы, кассир, аудармашы, заңгер, хатшы және іс жүргізуші*), зиянды еңбек жағдайлары үшін 6 күнтізбелік күнге жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысы берілген. Нәтижесінде 2019-2021 жылдары және 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына жалпы сомасы 995,9 мың теңгеге еңбек демалысы төлемінің артық төленгені анықталды, оның ішінде 2019 жылы 268,6 мың теңге, 2020 жылы 314,9 мың теңге, 2021 жылы 318,5 мың теңге, 2022 жылы 93,9 мың теңге.

5-тармақ. Батыс Қазақстан облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасымен 2016 жылғы 8 сәуірден №371 және 2019 жылғы 7 қарашадағы №354 санымен тіркеуден өткізілген Кәсіпорынның ұжымдық шарттарының 5.14 тармағының талабын бұза отырып және Кәсіпорын қызметкерлерінің сынақ мерзімдерінің толық өтпегендігіне қарамастан, 5 қызметкерге жалпы сомасы 88,0 мың теңге көлемінде сыйлықақы негізсіз төленген.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (*әрі қарай – Салық кодексі*) 341 бабы 1 тармағы 41) тармақшасына сәйкес, жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен мынадай кіріс түрлері алып тасталады: Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ұйымдық-құқықтық мәртебесі бойынша қазыналық кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге жатпайтынын, ал оның қызметкерлері азаматтық қызметшілер болып танылмайтынын ескерсек, бұл жағдайда сауықтыру жәрдемақысы ұжымдық шарттарға қарамастан жалақыға ұқсас салықтар мен міндетті төлемдердің барлық түрлеріне салық салынатын қызметкердің табысы болып есептеледі (бұл жөнінде dialog.egov.kz сайтында ҚР Қаржы министрі Е.Жамаубаевтың және ҚР Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы А.Алтынбаевтың түсіндірмелері орналастырылған).

Алайда, Кәсіпорын тарапынан қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын төлеу кезінде жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы төлемдерін, медициналық сақтандыру жарналарын ұстамаған, сондай-ақ бұл табысқа әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар есептелмеген және аударылмаған. Атап айтқанда аудит

кезеңінде, яғни 2019 жылы жеке табыс салығы 2 377,4 мың теңге, әлеуметтік салық 1 452,2 мың теңге; 2020 жылы жеке табыс салығы 2 573,1 мың теңге, әлеуметтік салық 1 582,8 мың теңге; 2021 жылы жеке табыс салығы 3 627,1 мың теңге, әлеуметтік салық 2 223,0 мың теңге; 2022 жылдың қаңтар-маусым айларында жеке табыс салығы 2 302,5 мың теңге, әлеуметтік салық 1 415,0 мың теңге.

Салық Кодексінің 13 бабы 3 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, салық төлеуші салықтық міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындауға міндетті, ал 14 бабына сәйкес, салық агентінің, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеуші сияқты құқықтары болады және ол сондай міндеттерді орындайды.

Салық Кодексінің 351-бабына сәйкес, Жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу:

1. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салық салуға жататын кірісті есепке жазу кезінде жүргізеді.

2. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, жеке табыс салығын ұстап қалуды салық агенті төлем көзінен салық салуға жататын кірісті төлеу күнінен кешіктірмей жүргізеді.

3. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салық агенті төленген кірістер бойынша жеке табыс салығын аударуды кіріс төлеу жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей өзінің тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

4. Салық агентінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің кірістері бойынша жеке табыс салығын аудару құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге жүргізіледі.

5. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық агенті төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден есептелген жеке табыс салығы сомасын оны ұстап қалмай өз қаражаты есебінен төлеген кезде салық агентінің төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеті орындалды деп есептеледі.

Салық Кодексінің 482-бабы 3) тармақшасына сәйкес, егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының резидент-занды тұлғалары әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Аталған бұзушылық бойынша 2022 жылғы 8 қарашадағы №8-10/1130 шығыс хатымен «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге материал жолданды. Мемлекеттік кірістер басқармасынан келген 2022 жылғы 21 желтоқсандағы МҚБ-1-06-18/14678 жауап хатында Қазақстан Республикасы Салық кодексінің «Салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімдері» атты 48 бабының 2 тармағына сәйкес: егер осы бапта өзгеше көзделмесе, талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайтындығы, сол себептен бюджетке өтелуге 2019 жылдың 4 тоқсанында, 2020 жылы, 2021 жылы және 2022 жылғы қаңтар-маусым айларында төленбеген салық сомалары жататындығы баяндалған.

6-тармақ. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»

Кодексінің 13 бабы 3 тармағы 1) тармақшасы, 14 бабы, 351 бабы және 482 бабының 3) тармақшасы бұзылып, Кәсіпорынмен қызметкерлердің табысынан жалпы сомасы 14 165,4 мың теңге көлемінде жеке табыс салығы және әлеуметтік салығы есептелмей, мемлекеттік бюджетке аударылмаған.

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінің 1-тараудың 3-тармағы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 286-VI ҚРЗ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы 16 бабының 1 тармағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» № 405-V ҚРЗ Заңы 30 бабының 1 тармағы сақталмай міндетті зейнетақы төлемдері, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары есептелмей, аударылмаған. Бұл ретте, аталған бұзушылық осы күнге дейін орын алып, жоғарыда аталған заңнама талаптарына сәйкестендірілмегендігін атап өткен жөн.

Аудит барысында №7177887-1 санды хабарландыру бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен «Стендтерді/тақтайшаларды/ жазуларды дайындау бойынша жұмыстар» мемлекеттік сатып алу жүргізілген, жалпы бөлінген сома 360,0 мың теңге. 2022 жылғы 30 наурызындағы қорытынды туралы 7177887-ЗЦП1 хаттамаға сәйкес ЖК «Шевчук» 259,0 мың теңгеге баға ұсынып, жеңімпаз болып айқындалған. Осы мемлекеттік сатып алу бойынша 101,0 мың теңге үнемдеу қалыптасқан.

Аталған бағалы ұсыныстарға сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде Кәсіпорын мен ЖК «Шевчук» арасында 2022 жылғы 4 сәуірдегі №108 Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жалпы сомасы 259,0 мың теңгеге жасақталған.

2022 жылғы 20 мамырда ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 45-бабының 2-тармағының 3)-тармақшасы негізінде аталған шартқа №108/1 қосымша келісім жасақталып, жалпы сомасы 420,8 теңгеге көбейтілген. Мемлекеттік сатып алу веб-порталының мәліметіне сәйкес 2022 жылдың 23 мамырында №220154/01/1 электрондық акті жасақталып және бекітіліп, шарт орындалғаны анықталды.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 45-бабының 2-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермеуі талабымен мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгеріс енгізуге осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен сатып алынатын тауарлардың, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлеміне қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Көрсетілетін көлік қызметтерін, көрсетілетін байланыс қызметтерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың

тамактануын ұйымдастыруға байланысты тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол берілетіндегі қарастырылған.

8-тармақ. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 45-бабының 2-тармағының 3)-тармақшасы бұзылып, 2022 жылғы 20 мамырдағы Кәсіпорын мен ЖК «Шевчук» арасында 2022 жылғы 4 сәуірдегі №108 Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа №108/1 қосымша келісіммен шарт сомасы 420,8 мың теңгеге өзгертіліп, шарт сомасы 60,8 мың теңгеге негізсіз көбейтілген.

9-тармақ. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4-бабының 2)-тармақшасының сақталмауы және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидалардың 39-тармағы бұзылып, 2022 жылғы 15 қаңтардағы № 6607358-1 санды хабарландыру бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен «2022 жылға өрт-күзет дабылына техникалық қызмет көрсету және мониторинг жүргізу» қызметін мемлекеттік сатып алу барысында ұйымдастырушымен әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер берілмеген және міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын осындай рұқсатының (хабарлама жіберудің) және (немесе) рұқсат беру туралы талаптарды белгілеген. Аудит барысында аталған келісімшарт бұзылды.

10-тармақ. Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4-бабының 2)-тармақшасының сақталмауы және 9-бабының 7-тармағы (01.01.2022 жылға дейінгі редакцияда) бұзылып 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 5372616-1 және 2020 жылғы 19 маусымдағы № 4527776-1 санды хабарландырулар бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен «Өрт-күзет дабылына техникалық қызмет көрсету және мониторинг жүргізу» қызметін мемлекеттік сатып алу барысында ұйымдастырушымен әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер берілмеген және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайда біліктілік талаптары қолданылған.

11-тармақ. Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ «Азаматтық кодексінің» 298 бабы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңы 43 бабының 23 тармағы сақталмай, сондай-ақ 2021 жылы 6 қазандағы №2/2 қосымша келісіммен, 2021 жылғы 30 маусымдағы № 2 Шарттың 7.3-тармағын бұза отырып, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбының сомасын 1 591,1 мың теңге сомасына тұрақсыздық айыбын есептей отырып, 83,7 мың теңге сомасына негізсіз төмендеткен, ал тұрақсыздық айыбының сомасы 1 674,8 мың теңгені құрайды. Аудит барысында «Баталасу» ЖШС Кәсіпорынның есепшотына 83,7 мың теңге өтеді.

12-тармақ. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңның 6-бабының 3-тармағын, Мемлекеттік мүлік туралы Заңның 127-бабының 1-тармағын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің «Негізгі құралдар» 4.1-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, 2410 «Негізгі құралдар» бухгалтерлік есеп шотында, сондай-ақ 2021 жылғы

бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» деген 121-жолында жер учаскесінің 137 133,3 мың теңгені құрайтын сомасы есепке алынбаған. Бұл өз кезегінде 2021 жылдың қаржылық есептілігінің бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

13-тармақ. Кәсіпорын Есеп саясатының «Негізгі құралдары» 4.1-кіші бөлімнің «Аяқталмаған күрделі құрылысты есепке алу» тарауының талаптарын бұза отырып, 7 машинаға арналған блок-модульдік гараж салуға байланысты эскиздік жобаны, техникалық ерекшелікті және сметалық құжаттаманы дайындау бойынша 995,0 мың теңге шығындары есептеу қағидаты негізінде 2021 жылы 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотында капиталдандырылмаған.

14-тармақ. ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» талаптарын және Есеп саясатының «Негізгі құралдары» 4.1-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, 7 машинаға арналған блок-модульдік гараж салумен байланысты эскиздік жобаны, техникалық ерекшелікті және сметалық құжаттаманы дайындау бойынша 995,0 мың теңге сомасындағы шығындар 2410 «Негізгі құралдар» шотындағы жылжымалы ғимараттың құнына енгізілмеген, сондай-ақ 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдары» деген 121-жолында көрсетілмеген. Бұл өз кезегінде 2021 жылдың қаржылық есептілігінің бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

15-тармақ. ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» талаптарын және Есеп саясатының «Негізгі құралдары» 4.1-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып техникалық сумен жабдықтауға арналған екі ұңғыманы жасақтау бойынша 498,0 мың теңге шығыстар негізсіз есептен шығарылып, 2400 «Негізгі құралдар» шотына есепке алынбаған, сондай-ақ 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдары» деген 121-жолында көрсетілмеген. Бұл өз кезегінде 2021 жылдың қаржылық есептілігінің бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

16-тармақ. 38-ші ХҚЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» талаптарын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің «Материалдық емес активтер» 4.3-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, бухгалтерлік есепте 2700 «Материалдық емес активтер» шотына жалпы сомасы 58,3 мың теңгеге материалдық емес актив (Денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия) балансқа алынбаған және 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың «Материалдық емес активтері» деген 125 жолында көрсетілмеген. Бұл өз кезегінде 2021 жылдың қаржылық есептілігінің бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК

Аудит нәтижесінде 17 501,8 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 17 501,8 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 4 және кемшіліктер саны 2 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық

бұзушылықтардың 11 891,2 мың теңгесі өтелуге, ал 5 610,6 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Аудит барысында 33,7 мың теңгесі өтелді, 5 610,6 мың теңгесі қалпына келтірілді.

17-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну Қағидасының 11 және 38 тармақтары сақталмай, Кәсіпорынның 2019, 2020, 2021 жылдарға бекітілген (нақтыланған) Даму жоспарында және даму жоспарының жылдық орындалу есептерінде көзделген жекелеген көрсеткіштердің жоспарлы және нақты қол жеткізілген мәндері толтырылмаған, сонымен қатар жекелеген түйінді және тікелей көрсеткіштердің нақты қол жеткізілген мәні ресми статистикалық және ведомстволық есептілік деректерімен расталмайды.

18-тармақ. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысының талаптары сақталмай, Кәсіпорын Жарғысы бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес келмейді, бұл ретте ол кәсіпорын қызметінің кемшілігі болып табылады.

19-тармақ. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңы 149 бабының 8) тармақшасы, сондай-ақ Кәсіпорынның Байқау кеңесі Ережесінің 2 тарауының 8) тармақшасы (2018 жылғы нұсқада), 5 тарауының 9) тармақшасы (2021 жылғы нұсқада) сақталмай, Кәсіпорынның Байқау кеңесі кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізбеген, бұл ретте ол кәсіпорын қызметінің кемшілігі болып табылады.

20-тармақ. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 89 бабы 1 тармағының 1) тармақшасы, 105 бабының 1,3 тармақтары бұзыла отырып, Кәсіпорынның әкімшілік-басқару персоналының 22 қызметкеріне (*директордың орынбасары, бухгалтерия, кадр бөлімі, заңгер, хатшы, экономисттер, кассир, техникалық қауіпсіздік инженері, мемлекеттік тілді енгізу маманы және ЭЕМ операторы*), зиянды еңбек жағдайлары үшін 6 күнтізбелік күнге жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысы берілген. Нәтижесінде 2019-2021 жылдары және 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына жалпы сомда 2 430,6 мың теңге еңбек демалысы төлемінің артық төленгені анықталды, оның ішінде 2019 жылы 622,5 мың теңге, 2020 жылы 838,8 мың теңге, 2021 жылы 664,9 мың теңге, 2022 жылы 304,4 мың теңге.

21-тармақ. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 158 бабаның 3) тармағы мен БҚО ДСБ-ның ШЖҚ «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК-ның 2019-2022 жылдар аралығына БҚО-ның еңбек инспекциясы бойынша басқармасымен 2019 жылғы 30 шілдеде келісіліп, №367 санымен тіркелген ұжымдық шартының 8 тармағының 8.5) тармақшасының талаптары сақталмай, Кәсіпорынмен жалпы сомасы 280,4 мың теңге көлемінде қызметкерлерге негізсіз

материалдық көмек көрсетілген.

Аудит барысында, Кәсіпорын тарапынан қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын төлеу кезінде жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы төлемдерін, медициналық сақтандыру жарналарын ұстамағандығы, сондай-ақ бұл табысқа әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар есептелмегендігі және аударылмағандығы анықталды. Атап айтқанда, 2019 жылы жеке табыс салығы 2 278,5 мың теңге, әлеуметтік салық 1 378,2 мың теңге; 2020 жылы жеке табыс салығы 2 174,2 мың теңге, әлеуметтік салық 1 331,3 мың теңге; 2021 жылы жеке табыс салығы 2 609,8 мың теңге, әлеуметтік салық 1 623,9 мың теңге; 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында жеке табыс салығы 695,5 мың теңге, әлеуметтік салық 440,1 мың теңге (Кәсіпорынмен 2022 жылдың мамыр айынан бастап жоғары да аталған салық түрлері мен міндетті жарналар есептеліп, бюджеттің кіріс бөлігі мен тиісті қорларға аударылуда).

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің «Салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімдері» атты 48 бабының 2 тармағына сәйкес: егер осы бапта өзгеше көзделмесе, талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайтыды, сол себептен бюджетке өтелуге 2019 жылдың 4 тоқсанында, 2020 жылы, 2021 жылы және 2022 жылғы қаңтар-маусым айларында төленбеген салық сомалары жатады.

22-тармақ. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 13 бабы 3 тармағы 1) тармақшасы, 14 бабы, 351 бабы және 482 бабының 3) тармақшасы бұзылып Кәсіпорынмен қызметкерлердің табысынан 9 146,5 мың теңгеге жеке табыс салығы және әлеуметтік салығы есептелмей, мемлекеттік бюджетке аударылмаған.

23-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінің 1-тараудың 3-тармағы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 286-VI ҚРЗ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы 16 бабының 1 тармағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» № 405-V ҚРЗ Заңы 30 бабының 1 тармағы сақталмай міндетті зейнетақы төлемдері, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары есептелмей, аударылмаған.

2021 жылғы 1 қаңтардағы редакциясындағы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 2-бабының 5) тармақшасы бойынша біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, сол бір функцияларды орындауына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер.

2021 жылғы 2 ақпанда 2021 жылғы 1 қаңтардағы редакциясындағы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 39-бабы 3-тармағының 42) тармақшасы негізінде Кәсіпорын мен «Region07» ЖШС арасында екі лот бойынша №27 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды:

№ 1 Лот - 1 203,8 мың теңге сомасына жылыту радиаторларын, жылыту құбырларын жөндеу және сырлау (техникалық ерекшелік);

№ 2 Лот- 200 дана Есіктерді жөндеу және сырлау, ақ түсті есіктерді сырлау 1 278,0 мың теңге сомасына (техникалық ерекшелік).

Жұмыстар 2021 жылғы 9 ақпандағы №210018/00/1 жұмыстарды орындалған актісі бойынша орындалған. Төлем 2021 жылғы 10 ақпанда жүргізілді (төлем тапсырмасы № 000124).

Бұл ретте № 1 және №2 лоттарда көрсетілген жұмыстар біртекті жұмыстар болып табылады, біртекті жұмыстардың жалпы сомасы 2 481,8 мың теңгені құрайды, яғни құндық мәнде №1 және №2 лоттарда көрсетілген біртекті жұмыстардың жылдық көлемі 2021 қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен ($2\,917 \times 500 = 1\,458,5$ мың теңге) асады.

2021 жылғы 2 ақпанда 2021 жылғы 1 қаңтардағы редакциясындағы Заңның 39-бабы 3-тармағының 42) тармақшасы негізінде Кәсіпорын мен «Region07» ЖШС арасында үш лот бойынша №28 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды:

№ 1 Лот – 1 440,0 мың теңге сомасына 1200 кв2 су негізіндегі бояуды пайдалана отырып, холл қабырғаларын, баспалдақ алаңдары мен дәліздерді сырлау бойынша жұмыстар (техникалық ерекшелік);

№ 2 Лот – 1 420,0 мың теңге сомасына 1230 кв2 су негізіндегі бояуды пайдалана отырып, холл қабырғаларын, баспалдақ алаңдары мен дәліздерді сырлау бойынша жұмыстар (техникалық ерекшелік);

№ 3 Лот – 1 360,8 мың теңге сомасына 1200 кв2 қабырғалар, төбелер жарықтарының Ақауларын жөндеу және түзету бойынша жұмыс (Техникалық ерекшелік).

Жұмыстар 2021 жылғы 9 ақпандағы №210019/00/1 жұмыстарды орындалған актісі бойынша орындалған. Төлем 2021 жылғы 10 ақпанда жүргізілді (төлем тапсырмасы № 000125).

Бұл ретте № 1 және №2 лоттарда көрсетілген жұмыстар біртекті жұмыстар болып табылады, біртекті жұмыстардың жалпы сомасы 2 860,0 мың теңгені құрайды, яғни құндық мәнде №1 және №2 лоттарда көрсетілген біртекті жұмыстардың жылдық көлемі 2021 қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен ($2\,917 \times 500 = 1\,458,5$ мың теңге) асады.

24-тармақ. 2021 жылғы 1 қаңтардағы редакциясындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 39-бабы 3-тармағының 42) тармақшасын бұза отырып, 2021 жылғы 2 ақпанында Кәсіпорын мен «Region07» ЖШС арасында №27 және №28 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалды, шарттардың №1 және №2 лоттарында көрсетілген жұмыстар әрбір шарт бойынша құндық мәнде біртекті болып табылады 2021 қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен асады.

25-тармақ. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 238-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацын бұза отырып, «ACELOT» ЖК және «V. D. Studio» ЖК әлеуетті өнім берушілерінің конкурстық өтінімдері № 6859492-1 «Автокөлік құралдарын жөндеу жөніндегі

жұмыстар» мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілген.

26-тармақ. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №120-VI Кодексінің 367 бабы 1-бөлігінің 1 тармағын бұза отырып, Кәсіпорын ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген «Астана-Аудит Сервис» ЖШС-не және «БЕРЕЗИНА Г.А.» ЖК-не жалпы сомасы 33,7 мың теңгені қосымша құн салығы ретінде негізсіз аударған. Аудит барысында аталған сома 2022 жылғы 28 қарашадағы №000000357 және 2022 жылғы 30 қарашадағы №100000043 төлем тапсырмаларымен Кәсіпорынның есеп шотына аударылды.

27-тармақ. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңның 6-бабының 3-тармағын, Мемлекеттік мүлік туралы Заңның 127-бабының 1-тармағын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің «Негізгі құралдар» 4.1-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, 2410 «Негізгі құралдар» бухгалтерлік есеп шотында, сондай-ақ 2019 жылғы, 2020 жылғы және 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» деген 121-жолында жер учаскесінің бағаланған құны 74 308,4 мың теңгесі және ғимаратты найзағайдан қорғау жүйесін орнатып жаңғыртуға жұмсалған 2 568,7 мың теңгесі есепке алынбаған. Бұл өз кезегінде 2019 жылдың, 2020 жылдың және 2021 жылдың қаржылық есептіліктерінің 76 877,1 мың теңгеге бұрмалануына әкелді. 2 568,7 мың теңгесі аудит барысында, ал жер учаскесінің бағаланған құны 74 308,4 мың теңгесі аудитке дейін (2022 жылдың қазан айында) бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілген.

28-тармақ. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңның 6-бабының 3-тармағын, Мемлекеттік мүлік туралы Заңның 127-бабының 1-тармағын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің «Негізгі құралдар» 4.1-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, 2410 «Негізгі құралдар» бухгалтерлік есеп шотында, сондай-ақ 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» деген 121-жолында қабылдау стандартіне жұмсалған 613,6 мың теңге және микротолқынды пештерді сатып алуға жұмсалған 141,5 мың теңге есепке алынбаған. Бұл өз кезегінде 2021 жылдың қаржылық есептілігінің 755,1 мың теңгеге бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

2018 жылғы 21 сәуірдегі №173 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде «Балапанов Т.С.» ЖК Кәсіпорынға жалпы сомасы 551,2 мың теңгені құрайтын «1С-Рейтинг: Қазақстан үшін денсаулық сақтау ұйымының бухгалтериясы. 5 пайдаланушыға арналған жинақ. (Электрондық жеткізу)» материалдық емес тауарды жеткізген. Аудит жүргізу кезеңінде 1 С Бухгалтерия бағдарламасына қызмет көрсетуге арналған шығындар белгіленді, бұл ретте 2019 жылғы, 2020 жылғы және 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың 125 «Материалдық емес активтері» жолында материалдық емес активтер ретінде көрсетілмей, шығындар 7010 «Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шотына жатқызылған.

29-тармақ. 38-ші ХҚЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» талаптарын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің

«Материалдық емес активтер» 4.3-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып бухгалтерлік есепте 2700 «Материалдық емес активтер» шотына материалдық емес актив жалпы сомасы 551,2 мың теңгеге балансқа алынбаған және 2019 жылғы бухгалтерлік баланстың «Материалдық емес активтері» деген 125 жолында көрсетілмеген. Бұл өз кезегінде 2019 жылғы қаржылық есептілігінің 551,2 мың теңгеге бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

2020 жылғы 24 қарашадағы № 275 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде «Балапанов Т.С.» ЖК «MS SQL Server Standard 2019 Runtime серверіне лицензия пайдаланушылар үшін: 1С: Кәсіпорын Қазақстан үшін 8, 1С: Кәсіпорын 8.3 проф серверге жалпы сомасы 763,6 мың теңгеге Лицензия (86-64)» сатып алынған. Сонымен қатар, Кәсіпорынмен 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №200200/00/1 орындалған жұмыстардың актісіне сәйкес, 1С Бухгалтерия бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту мақсатында 551,2 мың теңге жұмсалған. Сол себептен, жоғары да аталған шығындарды капиталдандырып, 1С Бухгалтерия бағдарламалық жасақтамасының баланстық құнын 1 314,8 мың теңгеге арттыру қажет. Алайда, жаңғыртуға жұмсалған шығындар 7010 «Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шотына жатқызылған.

Сондай-ақ, 2020 жылғы 6 ақпандағы №59 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде «Yral.KZ» ЖК жалпы сомасы 350,0 мың теңгеге сайттарды әзірлеу / құру бойынша жұмыстар жүргізген. Сайт материалдық емес актив ретінде монетарлық емес, сәйкестендіру, материалдық емес (физикалық форманың болмауы) және бақылау белгілерімен сипатталады. Сайт Кәсіпорынға жарнама жариялауға, сондай-ақ қызмет барысында дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу туралы хабарландырулар жариялауға мүмкіндік береді, осылайша экономикалық пайда әкеледі. Сайтты әзірлеу / құру бойынша шығындар 7010 «Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны» шотына жатқызылған.

2020 жылғы 9 сәуірінде Кәсіпорын денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия алу мақсатында жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін 55,5 мың теңге лицензиялық алым төлеген. Лицензия материалдық емес актив ретінде монетарлық емес, сәйкестендіру, материалдық емес (физикалық форманың болмауы) және бақылау белгілерімен сипатталады. Аталған лицензия Кәсіпорынға есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сатып алып, қызмет барысында пайдалануға рұқсат береді, яғни экономикалық пайда әкеледі. Лицензияны алуға жұмсалған 55,5 мың теңге бухгалтерлік есепте 2700 «Материалдық емес активтер» шоты бойынша балансқа алынбай, 3190 «Өзге салықтар» шотында есептелген.

Осылайша, материалдық емес активтерді сатып алуға жұмсалған жалпы сомасы 1 720,3 мың теңге бухгалтерлік есепте тиісті шотқа жатқызылмаған.

30-тармақ. 38-ші ХКЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» талаптарын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің «Материалдық емес активтер» 4.3-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, жалпы сомасы 1 720,3 мың теңгені құрайтын материалдық емес активтер бухгалтерлік

есепте 2700 «Материалдық емес активтер» шотына алынбаған, осылайша 2020 жылғы және 2021 жылғы бухгалтерлік баланстың «Материалдық емес активтері» деген 125 жолында көрсетілмеген. Бұл өз кезегінде 2020 жылғы және 2021 жылғы қаржылық есептіліктерінің 1 720,3 мың теңгеге бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

2022 жылғы 30 мамырда Кәсіпорын иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғылармен жұмыс істеу саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия алу мақсатында 15,3 мың теңге лицензиялық алым төлеген. Бұл лицензия кәсіпорынға медициналық қызмет көрсету шеңберінде иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғылармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, яғни экономикалық пайда әкеледі. Иондаушы сәуле шығаратын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу саласындағы қызметпен айналысуға арналған Лицензия, сондай-ақ лицензияның осы түрін алуға жұмсалған шығындар жалпы сомасы 15,3 мың теңге 2700 «Материалдық емес активтер» шоты бойынша бухгалтерлік есепке алынбай, шығындар 3191 «Өзге салықтар» шотына жатқызылған.

31-тармақ. Осылайша, 38-ші ХКЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» талаптарын және Есеп саясатының «Қаржылық есептілік элементтерін есепке алу» 4-бөлімнің «Материалдық емес активтер» 4.3-кіші бөлімнің талаптарын бұза отырып, 2022 жылы 15,3 мың теңгені құрайтын материалдық емес актив 2700 «Материалдық емес активтер» шотына алынбаған. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Медициналық ұйымдардың Дәму жоспарларының мақсаттары және міндеттері өңірде анықталған басты мәселелерді сипаттайды және олардың шешілуіне бағдарланған (балаларға мамандандырылған, білікті медициналық көмек көрсету; білікті консультациялық-диагностикалық көмек көрсету; халыққа, стационарлық медициналық көмек көрсету, стационарды алмастыратын көмек көрсету; ақылы қызметтер көрсету; амбулаторлық - емханалық көмек көрсету).

Бұл өз кезегінде облыс аумағында халықтың денсаулығын жақсартуға, адамдардың өмір сүру жасын ұзартуға, өлім-жітімді азайтуға, денсаулық саласындағы өзекті мәселелерді шешуге (кадрлардың, әсіресе арнайы мамандандырылған дәрігерлердің тапшылығы, әлеуметтік-маңызды аурулармен тұрғындардың жоғары сырқаттану деңгейі; тұрғындар тарапынан өз денсаулықтарына жауапкершіліктің жеткіліксіздігі және т.б.) және тұжырымдалған мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ медицина саласының әлеуметтік-экономикалық дамуына едәуір ықпал жасайды.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылдаған шаралар:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК

1. Өтелуге жататын 15 333,0 мың теңгенің қазіргі кезде 83,7 мың теңгесі өтелді; есеп бойынша қалпына келтіруге жататын 138 684,6 мың теңге аудит барысында толық қалпына келтірілді;

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 8 қарашадағы №8-10/1130 шығыс хатымен «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге, әлеуметтік және жеке табыс салықтарын жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне толық аудармау фактісі бойынша материал жолданды. «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №МКБ-1-06-18/14678 жауап хатында, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 48 бабы 2 тармағына сәйкес салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдан ескеру мерзімі (3 жыл) өтіп кетуіне байланысты 2019 жылдың 1, 2, 3 тоқсандарына бұзушылықтарды жою туралы камералды бақылау хабарламаларын жіберу мүмкін емес екендігі, сәйкесінше камералды бақылау хабарламалары тек 2019 жылдың 4 тоқсанына, 2020 жылға, 2021 жылға және 2022 жылдың 1, 2 тоқсандарына жіберілетіндігі хабарланған.

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 8 қарашадағы №5.2-12/1128 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғасының әкімшілік жауапкершілігін қарастыру үшін материалдар жолданды. «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №07-4-1/4058 шығыс хатына сәйкес, Кәсіпорынның бас есепшісі А.Санкубаеваға ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 238 бабының 1 бөлігі 2 тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізу тәртібімен, 76,6 мың теңге айыппұл салынды.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК

1. Өтелуге жататын 11 891,2 мың теңгенің қазіргі кезде 33,7 мың теңгесі өтелді; есеп бойынша қалпына келтіруге жататын 5 610,6 мың теңге аудит барысында толық қалпына келтірілді;

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №8-10/1295 шығыс хатымен «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге, әлеуметтік және жеке табыс салықтарын жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне толық аудармау фактісі бойынша материал жолданды. ған.

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №5.2-12/1292 және №5.2-12/1294 шығыс хаттарымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ, аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК:

Кәсіпорынның даму жоспарын бекіту және іске асыру барысында бұзушылықтардың орын алуы; Кәсіпорынның Жарғысы бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес келмейтіндігі; байқау кеңесі кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізбегендігі; еңбек демалысын төлеу кезінде артық шығындар жасалуына жол берілуі; қызметкерлерінің сынақ мерзімдерінің толық өтпегендігіне қарамастан, оларға сыйлықақы төленуі; қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын аудару кезінде жеке табыс салығы және әлеуметтік салығы есептелмей, мемлекеттік бюджетке, сондай-ақ міндетті зейнетақы төлемдері, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын тиісті қорларға аудармауы; мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп туралы заңнама талаптарының сақталмауы; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заң тармақтарының сақталмауы аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы базалық көрсеткішінің «Өзіндік құн бойынша жоспарларға қол жеткізу» арнайы көрсеткіші бойынша: Жалпы алғанда 2019-2020 жылдары көрсетілген қызметтердің өзіндік құны жоспарланған мөлшерден асып кетті, бұл тиімділіктің төмен деңгейін көрсетеді (2019 жылы 9 қызметтің: тек 1 жоғары, қалған 9 - төмен деңгейде; 2020 жылы 10 қызметтің: тек 3 жоғары, қалған 7 - төмен деңгейде). 2021 жылы жалпы алғанда негізгі қызметтердің өзіндік құны жоспарланған мөлшерден асқан жоқ, бұл тиімділіктің жоғары деңгейін көрсетеді (2021 жылы 13 қызметтің: 2 төмен, 1 – орташа, 1 – тиімді, қалған 9 - жоғары деңгейде). 2019-2020 жылдары жоспарланған көрсеткіштердің асып кетуіне жалақының өсуі, жыл бойы тарифтердің өзгеруі, пандемияға байланысты карантиндік шаралардың салдары себеп болды.

Аудит бағдарламасының «Нәтижелілік – әрбір мақсат бойынша қызметтің түйінді көрсеткіштеріне (ҚТК) қол жеткізу дәрежесін анықтау арқылы кәсіпорынның даму жоспарын іске асыруды бағалау» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесі» арнайы көрсеткіші бойынша: 2019 жылдың қорытындысы бойынша нәтижеліліктің базалық көрсеткішін есептеу қорытындысы бойынша және арнайы көрсеткішті ескере отырып, тұтастай алғанда 1 мақсат және 9 ҚТК орындалу деңгейі негізінде, барлық ҚТК-ға - 4 балл беру және сандардың орташа мәнін ескере (99,17%, 86,60%, 87,87%, 92,85%, 85,16%, 121,17%, 111,57%, 100,45%, 99,92%), кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесін қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесін анықтау арқылы іске асыру тиімділігінің жоғары деңгейі ретінде бағалаймыз.

2020 жылдың қорытындысы бойынша нәтижеліліктің базалық көрсеткішін есептеу қорытындысы бойынша және арнайы көрсеткішті ескере отырып, тұтастай алғанда 1 мақсат және 11 ҚТК орындалу деңгейі негізінде, әрбір ҚТК-ға 0-ден 4-ке дейін балл беру және сандардың орташа мәнін ескере отырып (101,21% - 4 балл, 54,34% - 1 балл, 94,67% - 4 балл, 72,86% - 3 балл, 108% - 4 балл, 0% - 0 балл, 20,32% - 0 балл, 322,22% - 4 балл, 105,75% - 4 балл, 34,67% - 0 балл, 56,16% - 2

балл), кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесін қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесін анықтау арқылы іске асыру тиімділігінің төмен деңгейі ретінде бағалаймыз.

2021 жылдың қорытындысы бойынша нәтижеліліктің базалық көрсеткішін есептеу қорытындысы бойынша және арнайы көрсеткішті ескере отырып, тұтастай алғанда 1 мақсат және 13 ҚТК орындалу деңгейі негізінде, әрбір ҚТК-ға 0-ден 4-ке дейін балл беру және сандардың орташа мәнін ескере отырып (128,22% - 4 балл, 129,62% - 4 балл, 91,07% - 4 балл, 135,85% - 4 балл, 48,77% - 1 балл, 187,81% - 4 балл, 140,95% - 0 балл, 110,85% - 4 балл, 100% - 4 балл, 247,97% - 4 балл, 141,55% - 4 балл, 100% - 4 балл, 100% - 4 балл), кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесін қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесін анықтау арқылы іске асыру тиімділігінің орташа деңгейі ретінде бағалаймыз.

Жалпы алғанда кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесін қызметтің түйінді көрсеткіштер дәрежесін анықтау арқылы іске асыру тиімділігі 2019 жылы жоғары деңгейде, 2020 жылы төмен, ал 2021 жылы орташа деңгейде қол жеткізілген.

Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу басшылық тарапынан да, уәкілетті орган тарапынан да тиісті назар мен бақылауды қажет етеді. Бүгінгі күні даму жоспары мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

«Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де кателер» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорын қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі» арнайы көрсеткіші бойынша: анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 154 017,6 мың теңгені құрап, аудиттелген 5 493 293,0 мың теңгенің 2,8% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылатын 5% аспайды. Алайда, аудитпен қаржылық есептіліктің бұрмалануы, мемлекеттік сатып алу қорытындыларына әсер еткен бұзушылықтардың орын алуы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылықтардың анықталуына байланысты, бұл бұзушылықтар мәнді болып табылады деп есептейміз.

Кәсіпорын басшылығы тарапынан тиісті бақылаудың болмауы, қаржы, экономикалық және кадр қызметі қызметкерлерінің қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамауы, лауазымдық міндеттерін толыққанды орындамағандығы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің орын алуына ықпал етті. Сонымен қатар, даму жоспарының жекелеген көрсеткіштерінің орындалмауына пандемияға байланысты карантиндік шаралардың салдары себеп болды.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, аудит объектісі қызметінің тиімділігі орташа деңгейде екендігін көрсетеді.

Батыс Қазақстан облысы бойынша облыстық көпбейінді балалар ауруханасы балаларға тәулік бойы мамандандырылған шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсететін жалғыз стационар болып табылады (нөлден 18 жасқа дейін).

Облыстық көпсалалы балалар ауруханасы 2011 жылы нөлден 15 жасқа дейінгі балаларға білікті мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, тәулік бойғы стационардың 220 төсегіне және күндізгі стационардың 45 төсегіне ашылған. 2016 жылдан бастап БҚО денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен 15 жастан 18 жасқа дейінгі жас санатындағы пациенттер медициналық көмек алу үшін балалар ауруханасының базасына берілді. Соңғы 7 жылда медициналық қызметтер көлемі өсті, травматология бөлімшесі, паллиативтік және нейрохирургиялық төсектер ашылды. Халықтың сұранысына байланысты гастроэнтерологиялық, эндокринологиялық, онкогематологиялық, урологиялық төсек орындары ұлғайды. «Қамқорлық» бағдарламасы бойынша аурухана базасында 50 адам қабылдайтын оңалту орталығы ашылды. Пациенттер санының артуына қарамастан, төсек орындары өзгеріссіз қалды.

Облысымызда бала туу көрсеткіші жыл сайын артып келеді: 2019 жылы-13 118 бала; 2020 жылы - 12 309 бала; 2021 жылы - 14 188 бала және 2022 жылдың 9 айында - 9420 бала. Халықтың көбеюі нәтижесінде жыл сайын қазан айынан сәуір айына дейін бронх-өкпе патологиясы, астматикалық аурулары бар балалардың үш жасқа дейінгі өтініштерінің күрт өсуі байқалады. Негізінен стационарлық емдеуді қажет ететін бір жасқа дейінгі пациенттер тәулік бойы дәрігердің бақылауымен жүгінеді.

Маусымдық айларда балалар ауруханасы қабылдау бөліміне 100 – ден 160-қа дейін, әртүрлі аурулармен жұмыс істейді-бұл жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, жедел нефротикалық синдромдар, мидың шайқалуы және жедел хирургиялық, гематологиялық және гастроэнтерологиялық аурулар. Жоғарыда аталған жағдайлар, төсек орындар санының арттыруын қажет екендігін көрсетеді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК:

Кәсіпорынның даму жоспарын бекіту және іске асыру барысында бұзушылықтардың орын алуы; Кәсіпорынның Жарғысы бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес келмейтіндігі; байқау кеңесі кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізбегендігі; еңбек демалысын төлеу кезінде артық шығындар жасалуына жол берілуі; ұжымдық шарттың талаптары сақталмай, қызметкерлерге негізсіз материалдық көмек көрсетілуі, қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын аудару кезінде жеке табыс салығы және әлеуметтік салығы есептелмей, мемлекеттік бюджетке, сондай-ақ міндетті зейнетақы төлемдері, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын тиісті қорларға аудармауы; мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп туралы заңнама талаптарының сақталмауы; аудит объектісі таралынаы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы базалық көрсеткішінің «Өзіндік құн бойынша жоспарларға қол

жеткізу» арнайы көрсеткіші бойынша: Жалпы алғанда 2019 жылы көрсетілген 3 қызметтің: 2 жоғары, 1 орташа деңгейде болды; 2020 жылы көрсетілген 3 қызметтің: 2 жоғары, 1 төмен деңгейде болды; 2021 жылы көрсетілген 3 қызметтің: 2 төмен, 1 орташа деңгейде болды. 2019-2021 жылдары жоспарланған көрсеткіштердің асып кетуіне жалақының өсуі, жыл бойы тарифтердің өзгеруі, пандемияға байланысты карантиндік шаралардың салдары себеп болды.

Аудит бағдарламасының «Нәтижелілік – әрбір мақсат бойынша қызметтің түйінді көрсеткіштеріне (ҚТК) қол жеткізу дәрежесін анықтау арқылы кәсіпорынның даму жоспарын іске асыруды бағалау» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесі» арнайы көрсеткіші бойынша: жалпы алғанда кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижесі түйінді көрсеткіштер бойынша 2019 жылы жоғары, 2020 жылы орташа деңгейде қол жеткізілген, ал 2021 жылы түйінді көрсеткіштер бойынша төмен деңгейде іске асырылған, яғни аталған кезеңдерде серпінде төмендеу үрдісі байқалады.

Кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу басшылық тарапынан да, уәкілетті орган тарапынан да тиісті назар мен бақылауды қажет етеді. Бүгінгі күні даму жоспары мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

«Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер» базалық көрсеткішінің «Кәсіпорын қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі» арнайы көрсеткіші бойынша: анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 17 501,8 мың теңгені құрап, аудиттелген 6 841 707,0 мың теңгенің 0,25% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылатын 5% аспайды. Алайда, аудитпен қаржылық есептіліктің бұрмалануы, мемлекеттік сатып алу қорытындыларына әсер еткен бұзушылықтардың орын алуы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылықтардың анықталуына байланысты, бұл бұзушылықтар мәнді болып табылады деп есептейміз.

Кәсіпорын басшылығы тарапынан тиісті бақылаудың болмауы, қаржы, экономикалық және кадр қызметі қызметкерлерінің қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамауы, лауазымдық міндеттерін толыққанды орындамағандығы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің орын алуына ықпал етті. Сонымен қатар, даму жоспарының жекелеген көрсеткіштерінің орындалмауына пандемияға байланысты карантиндік шаралардың салдары себеп болды.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, аудит объектісі қызметінің тиімділігі орташа деңгейде екендігін көрсетеді.

Батыс Қазақстан облысы бойынша облыстық кардиологиялық орталығы тәулік бойы мамандандырылған шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсететін жалғыз стационар болып табылады. Маусымдық айларда күніне 30-35

науқасқа дейін көмекке жүгінеді. Кәсіпорынның жобалық қуаттылығы 140 төсек орын болса, іс жүзінде 150-160 науқас аурухананың дәлізінде жатып, ем қабылдайды. Бұл мәселе шұғыл шешім қабылдауды қажет етеді (жана аурухана ғимаратын немесе қосымша корпусстар салу).

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК және Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК-да жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында 117,4 мың теңгенің өтелгендігі және 144 295,2 мың теңгенің есеп бойынша қалпына келтірілгендігі ескерілсін;

3. «Орал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №МКБ-1-06-18/14678 жауап хатында, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 48 бабы 2 тармағына сәйкес салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдан ескеру мерзімі (3 жыл) екендігі ескерілсін;

4. Кәсіпорындардың Жарғыларын бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкестендіру мақсатында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК және Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» МКК-ға тиісті ұсынымдарды жолдау ұсынылады.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар жиынтық тізілімі мен жүйелік кемшіліктер кестесі 5 парақта, аудит объектілері қалпына келтірген және өтелген қаражат жөніндегі акпарат 1 парақта.


Батыс Қазақстан облысы бойынша

Тексеру комиссиясының мүшесі



К. Алпысбаев

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы,
топ жетекшісі**



Е. Гумаров

**Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**



Ж. Кадыров

Бас инспектор-заңгер



А. Сибатова